

Диссертациялық жұмысты жоспарлау және өткізу

Дәріс 10

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАЯНДАУ ЖӘНЕ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАУ РӘСІМІ

доцент, PhD
Мусагалиева Айжан Ниязбековна

Дәріс жоспары

1. Зерттеу нәтижелерін баяндаудың ғылыми принциптері
2. Презентация құрылымы және мазмұндық талаптар
3. Слайдтарды әзірлеу және визуалды материалдарды рәсімдеу
4. Диссертация қорғаудың рәсімдік кезеңдері
5. Комиссия сұрақтарына жауап беру стратегиялары
6. Ғылыми этика және қорғау мәдениеті

Мақсаты

диссертациялық зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан дұрыс баяндау, қорғау құрылымын қалыптастыру және диссертацияны табысты қорғаудың негізгі рәсімдері мен академиялық талаптарын түсіндіру.

Зерттеу нәтижелерін баяндаудың мәні?

- Зерттеу нәтижелерін ғылыми ортада баяндау - диссертациялық жұмыстың қорытынды кезеңі, оның ғылыми құндылығын ашатын негізгі процесс.
- Баяндаманың мақсаты - жұмыстың мәнін, жаңалығын, дәлелділігін және қолданбалы маңызын қысқа әрі нақты түрде жеткізу.
- Нәтижелер логикасы диссертация құрылымымен сәйкес болуы керек.



ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

- Негізгі эмпирикалық деректер
 - Аналитикалық көрсеткіштер
 - Статистикалық немесе кеңістіктік дәлелдемелер
-
- Модельдер мен есептеулер
 - Нәтижелердің ғылыми негіздемесі
 - Зерттеу міндеттеріне сәйкес тұжырымдар



Презентацияның жалпы құрылымы



- Кіріспе:** зерттеу тақырыбы, өзектілік, мақсат
- Әдіснама:** зерттеу дизайны, дереккөздер, әдістер
- Негізгі нәтижелер:** кестелер, диаграммалар, карталар
- Талдау:** нәтижелердің ғылыми түсіндірмесі
- Ғылыми жаңалық**
- Қорытынды және практикалық ұсыныстар**
- Публикациялар, апробациялар**



Слайдтарды дайындау қағидаттары

- Слайдағы мәтіннің көлемі қысқа және құрылымды болуы тиіс
- Бір слайд – бір негізгі идея
- Диаграммалар мен карталар анық, сапалы (300 dpi)
- Әр сурет пен кестенің атауы болуы міндетті
- Шрифт көлемі: кемінде 24–28 pt
- Артық визуалды элементтерден аулақ болу

НӘТИЖЕЛЕРДІ ВИЗУАЛДАУ ТАЛАПТАРЫ

Кестелер –
салыстыру мен
нақты мәндерді
көрсету үшін

Диаграммалар –
тенденцияларды
көрсету үшін

Карталар –
кеңістіктік
ерекшеліктерді
сипаттау үшін

Модельдер –
болжамдар мен
аналитикалық
құрылымдарды
көрсету үшін

Визуалды
материалдар
презентацияның
негізгі логикасын
қолдауы тиіс

Қандай мәселе алғаш рет шешілді?

Қандай әдіс/тәсіл ұсынылды?

Нәтижелер қандай жаңа ғылыми білім
қосты?

Ғылымдағы бұрынғы тұжырымдар қалай
толықтырылды?

Ғылыми жаңалықты баяндау

Қорғауға дайындық кезеңдері



Қорғау рәсімі

Аттестациялық комиссия төрағасының кіріспе сөзі

Диссертантың баяндама жасауы (12–15 минут)

Ресми рецензенттердің пікірлері

Сұрақ-жауап бөлімі

Талқылау

Қорытынды шешім жариялау



Сұрақты толық тыңдап, нақты жауап беру
Фактіге, әдіснамаға, нәтижеге сүйену
Эмоцияға жол бермеу
Даулы сұрақтарда ғылыми әдебиетке сүйеніп жауап беру
Өз жұмысыңның шектеулерін ашық айту - кәсібилік белгісі
Терең сұрақтарға қысқа, құрылымды жауап ұсынылуы тиіс

Комиссия сұрақтарына жауап беру стратегиялары

Қорғауда жиі кездесетін қателіктер

Артық мәтінді
слайдтар

Жаңалықтың дұрыс
тұжырымдалмауы

Әдістеменің
түсіндірілмеуі

Нақты дәлелсіз жалпы
ұғымдарды қолдану

Сұрақтарға нақты
жауап бермеу

Қорытындының
зерттеу нәтижелеріне
сәйкес келмеуі

Бақылау сұрақтары

1. Зерттеу нәтижелерін баяндаудың негізгі ғылыми принциптері қандай?
2. Презентация құрылымында қандай бөлімдер міндетті түрде болуы тиіс?
3. Қорғауға дайындықтың негізгі кезеңдерін атаңыз.
4. Ғылыми жаңалықты қалай дұрыс тұжырымдауға болады?
5. Комиссия сұрақтарына жауап берудің тиімді стратегиялары қандай?

Әдебиет тізімі

- 1.Коряковцева Н.Ф. Методология и методы научных исследований. — М.: Академия, 2019.
2. Әбдіғаппар Ж., Омаров А. Ғылыми зерттеу негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
- 3.Creswell J.W. Research Design: Qualitative, Quantitative and Mixed Methods Approaches. – 5th ed. – Sage Publications, 2018.
4. Booth W., Colomb G., Williams J. The Craft of Research. – University of Chicago Press, 2016.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

Мусагалиева Айжан Ниязбековна

+7 747 387 87 85

aizhan.mussagaliyeva@kaznu.edu.kz